

Әкімдіктің 2017 жылғы 21 маусымдағы № 311 "Қостанай облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 13 наурыздағы № 112 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 наурызда № 8301 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 маусымдағы № 283 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 21.06.2021 № 283 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 53 "Тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13375 болып тіркелген), "Қостанай облысы Алтынсарин ауданының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 2 наурыздағы № 3 қаулысына және Қостанай облысы мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 243 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7629 болып тіркелген), "Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 1 қаулысына және Қостанай облысы мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 357 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8243 болып тіркелген) сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесін айқындау туралы" 2017 жылғы 21 маусымдағы № 311 қаулысына (2017 жылғы 24 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7134 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен айқындалған Қостанай облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 1 және 2-жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

"

1	Алтынсарин	-	Новоалексеевка ауылы
2		Мариям Хәкімжанова атындағы	Щербаково ауылы

";

реттік нөмірі 13 және 14-жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

"

13	Қамысты	Алтынсарин	Алтынсарин ауылы
14		-	Бестөбе ауылы

";

реттік нөмірі 15, 16 және 17-жолдар мемлекеттік тілде жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"

15	Қарабалық	Бозкөл	Бозкөл ауылы
16		Смирнов	Смирновка ауылы
17		Станционный	Станционное ауылы

";

реттік нөмірі 21, 22, 23 және 24-жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

"

21	Қостанай	Владимиров	Владимировка ауылы
22		Жамбыл	Жамбыл ауылы
23		Садчиков	Садчиковка ауылы
24		Озерный	Озерное ауылы

";

2. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
- 3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

